

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№27 (140) ЖҰМА

1 тамыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ДАСТАН РЫСПЕКОВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНДА БОЛДЫ

Өңір басшысы алдымен «Сәтбаев қаласының №1 магистральдық жылу желісін қайта құру» жобасын тексерді.

Келесі нысан – Сәтбаев қаласының III көтергіш сорғы станциясы болды. Облыс әкімі жобаның жүзеге асырылуы - Үкімет басшысының тікелей бақылауында екенін қатаң еске салды.

Өңір басшысы аталған жобаларға қатысты құрылыс материалдарының сапасын тұрақты бақылауда ұстауды, жұмысшылардың қауіпсіздік техникасын сақтауы мен еңбек тәртібіне баса мән беруді, әр кезең бойынша апталық есеп беруді, жо-баға тартылған мамандардың біліктілік деңгейін қайта қарау міндетін жүктеді.

Сонымен қатар, облыс әкімі Абай көшесінде орналасқан жаңа үш қабатты тұрғын үй құрылысы сапасын бақылады. Бұл ретте өңір басшысы баспана сапасын басты назарда ұстап, ақауларды жоюды тапсырды.

Сондай-ақ, өңір басшысы қаладағы тазалық, қоқыс мәселесін қадағалау - күн тәртібінен түспейтінін еске салып, контейнерлер сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін жеткізді.

«Халыққа қолайлы өмір сүру сапасын қалыптастыру – біздің басты міндетіміз. Сондықтан кез келген жоба тек қағаз жүзінде емес, нақты нәтиже беруі тиіс. Әр күн есепке алынуы керек», – деді сапар қорытындысында облыс әкімі.

Обләкімнің баспасөз қызметі



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

«Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ 2025 жылғы 11 тамыздан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Ұлытау облысының 2025-2029 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері» жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталда танысуға және өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды енгізуге болады: <https://ndbecology.gov.kz/>. Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және нөмір арқылы алуға болады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 15. Тел.87053346969, электрондық пошта: ulytau.obl_pripoda@mail.ru

ПРОЙДУТ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» области Ұлытау сообщает, что с 11 августа 2025 года в течение 20-ти рабочих дней будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений проекта «Целевые показатели качества окружающей среды области Ұлытау на 2025 – 2029 годы». С проектными материалами можно ознакомиться, а также внести свои предложения и замечания на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/>. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и по номеру телефона: область Ұлытау, г.Жезказган, ул.Гарышкерлер, 15, тел. 87053346969, электронная почта ulytau.obl_pripoda@mail.ru

ҚҰРМЕТТІ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ, орыс, ағылшын тілдері және «Ресми қазақ тілі» қысқа мерзімді курстарын тегін оқуға 14 жастан асқан тыңдаушыларды шақырады!

**Байланыс телефондары: 87771076793; 87072060890;
87074925742; 34140.**

E-mail: satpaev-til@mail.ru

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САТПАЕВ!

Коммунальное государственное учреждение «Учебно-методический центр «Тіл-құрал» государственного учреждения «Отдел культуры и развития языков города Сатпаев» приглашает слушателей в возрасте от 14 лет на бесплатные курсы по обучению казахскому, русскому, английскому языкам и на краткосрочный курс «Ресми қазақ тілі».

**Обращаться по телефонам: 87771076793; 87072060890;
87074925742; 34140.**

E-mail: satpaev-til@mail.ru

ҰШАҚТАР ЖИІ ҰШАТЫН БОЛАДЫ

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков Qazaq air (Vietjet Qazaqstan) әуе компаниясы басқарма төрағасының міндетін атқарушы Әділбек Өмірәлиевті қабылдады. Кездесу барысында өңірдегі әуе қатынастарын кеңейту, күзгі-қысқы маусымға дайындық және әуе маршруттарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.



Өңір тұрғындары тарапынан әуе тасымалына деген сұраныстың тұрақты артуына байланысты, Qazaq air қолданыстағы рейс жиілігін арттыруды және жаңа бағыттарды қарастыруды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

Сондай-ақ, 2026 жылға арналған маршруттық желіні жоспарлау мәселесі қозғалды. Онда коммерциялық бағыттармен қатар, көлік қол-

жетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясында субсидияланатын бағыттар да ескеріледі.

Қазіргі уақытта аталған әуе компаниясы Жезқазғаннан үш бағыт бойынша тұрақты рейстер орындайды: Астана мен Шымкентке – аптасына бес рет, Қарағандыға – аптасына үш рет. Жезқазған әуежайындағы ұшу-қону жолағына жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, «Жезқазған – Астана» бағыты бойынша рейс жиілігін аптасына жеті ретке дейін арттыру жоспарланып отыр.

Міне, осылайша енді облыс тұрғындары мен қонақтары үшін ұшақ қатынасы неғұрлым қолжетімді бола түспек.

Ай Нұр.

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізу мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар өткізеді.

Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кезекті мониторинг барысында «Арай», «Елжас», «Ерсұлтан», «Жібек», «Жанұя», «Каспий» шағын дүкендері мен «Акцент», «Самади» гипермаркеттері қамтылды.

Тексеру нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесі 15 пайыздан аспауы тиіс екені түсіндірілді. Сонымен қатар, тиісті ақпараттық жадынамалар та-

ратылып, талаптар жазбаша түрде жеткізілді.

Мониторинг барысында анықталған бұзушылықтар бойынша шілде айында 3 сауда нысанына әкімшілік шара қолданылып, жалпы сомасы 58980 теңге көлемінде айыппұл салынды.

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке шекті бағаны негізсіз көтеру — ҚР ӘҚБТК-нің 202-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады – дейді Сәтбаев қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Төленді Балықбай.

Сәтбаев қаласы әкімінің баспасөз қызметі.



ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

АСФАЛЬТБЕТОН ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Облысымызға келген қытай инвесторлары 2 млрд. теңге инвестиция құйып, асфальтбетон зауытын салатын болды. Қазір Жезқазған өңірінің өндірістік аймағынан құрылысқа жер учаскесі бөлініп, жобаны жоспарлау мен іске асыру жұмыстары басталды. Жоба бойынша мұнда асфальтбетон зауытымен қоса қиыршық тас зауыты және битум қоймасы салынады.



Бұл – әлемдік стандартқа сай аймақтағы ең алғашқы ірі зауыт болғалы отыр. Зауыттың қуаты сағатына 500 тонна асфальт қосындысын және 300 тонна бетон қосындысын шығаруға арналған. Өндірістік инерттік материал ретінде кеншілер қаласының аумағындағы өндірістік қалдықтар үйінділерін қолдану көзделуде. Нысанды үстіміздегі жылдың

қыркүйек айында іске қосу жоспарланып отыр. Асфальтбетон зауытының өнімдері ең әуелі республикалық маңызы бар Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды және Жезқазған – Арқалық автожолдарының құрылысы мен жөндеуіне қолданылатын болады.

Нығыман РАХЫМ

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ҮШІН

«ЖАРНАМА – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ»

2025 жылғы 25 шілде күні Ұлытау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен «Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» облыстық байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өткізілді.

Байқау мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, жарнама мәтіндерінің сауатты рәсімделуін насихаттау және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының орындалуына үлес қосу мақсатын көздеді.

Марапаттау салтанаты Ұлытау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Табылдин Мағжан Еренғайыпұлы мен «Халықаралық «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Үмбетова Базаркүл Сейітжанқызының жүрекжарды құттықтау сөздерімен ашылды.

Қазылар шешімімен Бас жүлде – «Ақбөкен» дизайн студиясы, I орын – Тіл жанашыры Түсіпов



Ізтөлеу Бекенұлы, II орын – «Мамарада» балалар интеллектуалдық даму академиясы, III орын – Тіл жанашыры Токишова Ақжарқын Ғалымқызы және «Айлин» азық-түлік дүкені, ынталандыру сыйлықтары – «QYPSHAQ» этно-кафесі мен «Иманов» аңшылық шаруашылығына берілді. Әбілхайырова

Айнұр Мейрамбекқызы, «Данышпан» балалар дамыту орталығы мен «Шығыс» дәмханасы – Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

Сауатты жарнама – бұл тұтынушыға деген жауапкершілік қана емес, ана тілімізге деген шынайы құрметтің көрінісі.

І. БЕКЕНОВ

САБЫР БАЗЫЛҰЛЫ ОМАРОВ

2025 жылғы 27 шілдеде Сәтбаев қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы **Сабыр Базылұлы ОМАРОВ** 86 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Сабыр Базылұлы Омаров 1940 жылы 10 сәуір күні Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Кеңгір селолық Кеңесіне қарасты «Сарыкеңгір» совхозы Малшыбай ауылында туған.

Ол 1957 жылы Ұлытау орта мектебін бітірген соң еңбек жолын «Сарыкеңгір» совхозының бухгалтериясында қызмет атқарудан бастаған.

1964 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын, 1983 жылы Алматы Ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірген.

С. Б. Омаров Жезқазған -Ұлытау аймағында комсомол, партия, кеңес органдарында, ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік қорғау саласында әртүрлі жауапты қызметтер атқарды.

1964-1968 - жылдары Жезді аудандық ауылшаруашылығы басқармасында аға зоотехник, бас зоотехник, «Сарыкеңгір» совхозында бас зоотехник, 1971 жылдың қазан айынан 1978 жылдың ақпан айына дейін «Ұлытау» совхозының директоры болды.



1978 -1996 жылдары - Қарағанды облысы Молодежный ауданының «Қазақстан» совхозында бас зоотехник, Ұлытау аудандық статистика бөлімінің инспекторы, аудандық ауылшаруашылық басқармасында жоспарлау-экономикалық бөлімінің бастығы, ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары,

аудандық партия комитетінің ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, жоспарлау комитетінің бастығы қызметтерін атқарды.

1996-2000 жылдары - Жезқазған қалалық әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары, 2001-2004 жылдары Сәтбаев қалалық еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы болды.

Ол бірнеше мәрте Ұлытау аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Сабыр Базылұлы өмірінің ақырына шейін қоғамдық белсенді қабылетін жоғалтпады, ұзақ жылдар бойы Сәтбаев қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқара білді.

Еліміздің қоғамдық – саяси өміріне белсенді атсалысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін Сабыр Базылұлы Омаров Ұлытау ауданының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атанды.

Сабыр аға өзінің салиқалы өміржолымен, салмақты мінезімен, ақсақалға тән үлкендігімен кейінгі жастарға тамаша үлгі – өнеге көрсетті. Қала, облыс көлеміндегі көптеген қоғамдық шараларды ұйымдастыруға белсенділікпен атсалысты.

Отбасында 5 бала, 20 шақты немере, шөбере сүйген абзал әке, ардақты ата бола білген Сабыр Базылұлы жас ұрпақты ұлттық рухта, имандылыққа тәрбиелеуге база назар аударатын еді.

Аса қадірлі ақсақалдың арамыздан кетуі - біз үшін өте ауыр қайғы. Біз бұл қайғыны қатты қайғырып қабылдадық.

Сабыр Базылұлының алдынан жарылқасын!

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Туған – туысқандарына, балалары мен немере – шөберелеріне қайғыға ортақтасып, көңіл айтамыз!

Баршамызға Сабыр ағаның жасын да, жолын да берсін!

М.Берібаев, Қ.Балмағамбетов, А.Сыздыманов, Д.Мұхан, Е.Орманов, А.Бегжанова, А.Құрақбай, С.Қожамсейітов, Ә.Ахметов, М.Қожахметов, Ү.Айтпаев, Қ.Смайлов, Т.Мақышев, Ж.Мұңсызбаев, Ж.Омаров, А.Тұрлұбек, М.Тілеуов, М.Жағыпаров, Ә.Молақов, Е.Тоқымбаев, І.Әбдікәрімов, А.Дастанов, А.Жүгініс, Т.Хмилярчук, Г.Есмұраева, М.Мәдиева, А.Төлендина, Ш.Жанасылова, О.Жук, Н.Геймбук.

АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛ, АСЫЛ ДОС

Сабыр Базылұлы дүниеден өтті.

Білімді де білікті ауылшаруашылығының маманы Ұлытау өңірінің экономикасын дамытуға қомақты үлес қосты, тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласында жемісті еңбек етті. 2018 жылы Сәтбаев қаласы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ол әрқашан қоғамдық жұмысқа белсенділікпен атсалысты. Әрбір ардагердің өтініш-тілегін асқан мұқияттылықпен қарады, олардың мәселелерін шешу ісіне әрқашан елгезектік таныта білді.

Сабыр Базылұлы Омаровтың Отан алдындағы еңбегі лайықты бағаланды. Ол 2024 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сәтбаев қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атанды.

Артында бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген, отаншыл, еңбексүйгіш, адал ұрпақ қалдырды.

Облыстық Ардагерлер Кеңесі Сабыр Омаровтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына, зайыбы Розаға, туыстарына, жақындарына көңіл айтады.

Қош бол, ардақты ақсақал, асыл дос!

Марқұмның алды жарық, арты жақсы болсын!

Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ, Ұлытау облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

ДИДАРҒАЙЫП

КӨРГЕНІ КӨП КІСІ ЕДІ...

Сабыр Аға да бақиға аттанды. Тамырында тектілік, болмысында бекзаттық байқалып тұратын еді. Ширек ғасырдай таныс – біліс болдық. Неге екенін қайдам, мені жақын тұтты, інісіндей көрді. Атымды ешқашан атаған емес, қашан болсын «Әбеке» дейтін. Үлкен кісінің тарапынан мұндай құрмет көру керемет мәртебе емес пе? Ағаның сол құрметін көргенде, сезінгенде кәдімгідей арқаланып, марқайып қалатынымын, қазақы тілмен айтқанда, төбем көкке жеткендей күйді бастан кешетінмін. Сондай Ағадан да айрылды...

Менің түсінімдегі Сәкең кешегі қазақтың ірілерінің көзін көрген, солардың ғибратын бойына сіңіріп, сақтап қалған санаулылардың қатарынан болатын. Сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан көшелі кісінің келбеті анық аңғарылып тұратын. Сосын және бір байқағаным, ол кісі тәртіптің адамы еді. Осының бәрі сайып келгенде, алдыңғы ағаларынан, ескілікті қариялардан көрген – білгенін, үйренгенін өмір ағысында өзі де одан әрі жетілдіре түскендіктің белгісі деп ойлаймын. Жақсылардың жолын жалғай білу де екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сабыр Ағаны сол өзгешелігі қатарлас-тарынан ерекшелендіріп тұратын.

Ол кісі бірде маған мынандай әңгіме айтып еді.

Сабыр Базылұлы Жезқазған қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бастығының орынбасары қызметінде жүрген кезі болса керек. Бір күні оны қала әкімі өзіне шақырады.

– Қарағандыға өзіңізді жібергелі отырмын. Бір мәселе шешімін таппай жатыр. Жігіттерді бірнеше рет жібердім, бірақ түйінді тарқата алмай жүр. Сіздің тәжірибеңіз мол ғой, соны ескеріп өзіңізге қолқа салғалы отырмын – дейді әкім.

– Бұл үлкен міндет еді. «Сақалды басыммен мен де басымды төмен салып келер ме екенмін?» деген уайымға салынайын. Бірақ, әкім айтып тұрғасын амал жоқ, барасың ғой. Содан Қарағандыға жолға шықтым –дейтін Сәкең.

Сабыр Аға пойыздан түскен бетте об-ләкімдікке барады. Аппарат жетекшісі Оралды Төреғожинге кіреді. Орекең орнынан атып тұрып, қос қолдап аманда-

сып, «Аға, төрлетіңіз!» деп, ілтипатпен қарсы алдады. «Қашан келдіңіз? Қайда орналастыңыз?» деп жөн сұрасып, бәйек болып жатқан обләкімнің аппарат жетекшісіне Сәкең риза болып қалады. «Жаңа ғана пойыздан түстім, әзір ешқайда орналаса қойғам жоқ, егер шаруам бітсе кешке немесе ертең кері қайтамын ғой» деген Сәкеңнің сөзін естіген О.Төреғожин дереу телефон тұтқасын көтеріп, көмекшісіне «Қонақ үйден осындай кісіге ертең кешке дейін жайлы нөмірден орын алып қой, сосын менімен хабарлас» деген тапсырма беріп тастайды. Енді Сәкең таңқала бастайды. «Бұ жігіт маған неге соншама бәйек болып жатыр. Бұрын – сонды кездескен адамым емес қой. Неде болса өзінен сұрап көрейінші» деп ойлайды. Сосын таң қалып отырғанын айтып, себебін сұрайды. Сөйтсе...

70-жылдардың орта тұсында ауа райының қолайсыздығына байланысты Алматыдан келе жатқан ұшақ Жезқазғанға қона алмайтын болғандықтан Балқашқа барып қонады. Сол ұшақта Сабыр Аға да болған екен. Жастау кезі ғой. Аэропортта 5-6 сағат ұшақтың ұшуын күтіп отырғанда сапарлас жолаушы ағаларының шай-суын, газет-журналын әкеліп беріп дегендей, аяғынан зыр жүгіріп қалтқысыз қызмет көрсетеді. Сонда Оралды оқуға енді ғана түскен студент екен. Әкесі Тұрсынға еріп каникулға келе жатқан беті көрінеді. Сабыр Базылұлына риза болып кеткен Тұрсекең баласына: - Анау азаматты көрдің бе? Үлкендерді қандай қадірлеп, құрмет тұтып, қызмет көрсетіп жүр. Міне, осындай жігіттерден үлгі алу керек. Ертең сен де өлесің, алдыңнан талай-талай

үлкендер кезігеді. Есіңде болсын, үлкен кісі көрсен, танысаң да, танымасаң да міндетті түрде сәлем бер, жағдайын сұра, қызмет көрсет – деген екен.

–Аға, пәленінші жылғы Балқаштағы аэропорт есіңізде ме? -деп Оралды Тұрсынұлы сол оқиғаны Сәкеңнің есіне салады.

–Енді бар шаруаны маған тапсырыңыз да, қонақ үйге барып демала беріңіз. Үлгерсем кешке, әйтпесе, ертең бәрін реттеп, қағазыңызды өзім апарып беремін –дейді Оралды Төреғожин.

–Содан ертесіне бөлмеме келіп, қағаздарымды беріп, қонақ үйдің мейрамханасынан дәм таттырып, кешкілік көлігін жіберіп, пойызға шығарып салды. Содан Жезқазғанға айдарымнан жел есіп келгенім бар - деген еді Сабыр Аға. Әңгімесінің соңында «Өзің өзгеге қалай болсаң өзіңе де өзгелер солай болады» деген ақылын да айтып еді.

Қайсыбір жылы кабинетіне, шай ішіп кетуге шақырды. Өлдебір тапсырмалар берді. Сосын үстелдің тартпасынан «Ветеран» деген жазуы бар значок алып шықты. «Осыны саған өз қолыммен тағып берейінші» деді. «Аға, мен «ветеран» емеспін ғой» деп күліп едім, «Болмасаң боласың, «ветеран» деген тек жасқа қарамайды» деді. Неге олай дегенін... Енді соның бәрі өткеннің еншісіндегі сағынышты сәттерге айналады.

Бақұл бол, Аға!

Әруағыңмен желеп – жебей жүр!

Абдолла ДАСТАНОВ, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

► ЕСТЕЛІКТЕР ЕСКІРМЕЙДІ

ЖАҚСЫНЫҢ ЖОЛЫ ЖАЛҒАССЫН

АРДАҚТЫ АЗАМАТ МҮСІЛІМ ТОҚТАМЫСОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Қасиетті Қаныш Сәтбаев ағамыз бастауында болған Жезқазған кен өндірісін игеру мен дамыту ісін одан әрі жалғастыра білген шоқ жұлдыздар арасында есімі ерекше жандардың бірі - Мүсілім Тоқтамысов болатын.

Ол еңбек жолын 51-53 шахтада крепилщик, яғни, бекітуші болудан бастады. Өндірісте еңбек қауіпсіздігіне қандай мән берілетіні белгілі. Кейінгі қызмет барысында да Мүсекең бұл бағытта үнемі айтып, ескертіп отыратын еді. Менің ойымша, бұл өзі бекітуші болып жүргенде көзімен көрген, жанымен сезінген жағдайлардан жинақтаған тәжірибенің жемісі секілді.

Мүсілім Тоқтамысов білімді де білікті басшы бола білді. Ол Жезқазған тау – кен комбинатында 12 жылдан аса бас инженер болып істеді. Осындағы мол тәжірибесін Ақшатау тау-кен фабрикасын жолға қоюға жұмсады. 1972-1975 - жылдары ол осы фабрикада алғашында бас инженер, кейін директор болып қызмет атқарды. 1975-1981 - жылдары Жезқазған аумағы бойынша тау-кен инспекциясының басшысы болды. Осы жылдары ол еңбек қауіпсіздігі шараларын нығайтуға баса назар аударды. Талапшыл еді, сол талап үдесінен шықпағандарға қатал қарағаны да есімізде.

1981-1984- жылдары ол Жезқазғанда ашылған Қарағанды Политехника институты филиалының директоры болды. Жаңа оқу ордасын аяғынан қаз тұрғызу зор жауапкершілік еді. Бұған үлкен ұйымдастырушылық қабілет керек болатын. Сондай қабілет Мүсілімнің бойынан табылды. Ол жүздеген, мыңдаған шәкірттердің ұстазына айналды. Олардың арасында қазіргі Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы Б. Шыңғысов, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры Ө.Тәкішев және т.б. бар.

Мүсекең ғылыми – зерттеу жұмыстарына да көп көңіл бөлді. 1984-1990 -жылдары Жезқазған ғылыми – зерттеу институтына, 1992-жылдан бастап бірлескен ғылыми өндірістік «Жалау» мекемесіне басшылық жасады. Шындығында, ол та-



Мүсілім аға Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынбек Мақышевпен бірге

маша ғалым еді. Ол 100-ден аса ғылыми жобаның, 7-8 кітаптың авторы болды. Техника ғылымының кандидаты атанды. Кейін Халықаралық «Экология» Академиясының академигі болып сайланды.

Кен өндірісі саласында ол көптеген айтулы тұлғалармен тетелес жүрді. Олардың арасында аймағымызға жақсы таныс Далабай Ешпанов, Жәлел Қалмағамбетов, Әшірбек Құнанбаев, Тұрхан Исмағұлов, Әсер Иманғалиев, Сарқыт Болатбеков және т.б. бар еді. Мүсекең бұл кісілердің біріне іні, бірі дос болды. Олар әрқашан өндірісте де, өмірде де пікірлері ортақ тұлғалар болатын. Өкінішке қарай, қазір олардың ешқайсысы ортамызда жоқ. Өмір деген сол ғой...

Мүсекеңнің ел алдындағы еңбегі уақытысында лайықты бағаланды. Ол Жезқазған мыс зауытына енгізген өндірістік жаңашылдығы үшін КСРО Үкіметі сыйлығының лауреаты атанды. Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. Бұған қоса жерлерінің құрмет белгісі іспетті оған Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Бұ кісінің елге, жерге деген жанашырлығы Жезқазған – Бейнеу теміржолын салу кезінде айрықша көрінді. Қазіргілер теміржолдың алғашқы

жобасы басқаша болғанын мүлдем білмейді. Қазір теміржолдың бойында Жезді, Қарсақбай, Байқоңыр, Қоскөл тәрізді станциялар бар десек, ал, алғашқы жобада бұлар мүлдем болмаған. Егер Мүсілім Тоқтамысов өзі бас болып, аймақтың ақсақал-қарасақалдарының, ең бастысы, мамандардың бастарын қосып, жинап, теміржолды елді мекендердің қасымен жүргізудің қажеттілігін және тиімділігін дәлелдеп шықпағанда, аталған станциялар болмайтын да еді. Сондықтан, Мүсекеңнің бұл азаматығын ешқашан ұмытуға болмайды.

Мүсекең бізге жезде болып келетін. Әкесі Волга өзенінің жанында әскери міндетін өтеп жүрген кезінде дүниеге келген Волга есімді апайымызбен 1960 жылы бас қосып, екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір олардан өрбіген немере-шөберелер де еңбекке араласып, ата жолын жалғастыруда. Бір сүйсінерлігі, Мүсекең мен Волганың ұрпақтары да өздері секілді салиқалы, салмақты, еңбекқор, ізденімпаз болып өсіп келеді. Біз оларды көрген сайын қуанамыз.

Жақсының ісі ұрпақтары, ізінен өрген шәкірттері арқылы жалғас таба берсін деп тілеймін.

**Сақыпжамал
КӨДЕЙҚЫЗЫ.**
Жезқазған қаласы.

► ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАУ — ШӘКІРТ ПАРЫЗЫ

ІРІ ТҰЛҒА

1978 жыл... Тағдыр мені ойда-жоқта ішкі істер саласына жетелеп әкелді. Бұрынғы жұмысымда баспаналы болу қиынға соғып, жаңа жол іздеп жүрген кезімде, облыстық күзет бөлімінің бастығы байланыс саласының инженері қажет екенін, тіпті пәтер берілетінін айтып, өзіне орынбасар болуға ұсыныс жасады. Сол сәтте ойланбастан келісіп, милиция қызметкері болып шыға келдім. Форма киемін, ішкі істер органында қызмет етемін деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген еді. Жылдам пәтер аламын, бастықтың орынбасары боламын деген үміт те, көп ұзамай сөйілді. Бірақ бұл бөлек әңгіме. Бүгін мен сөз етпекші болғаным — менің кәсіби өмірімде өшпестей із қалдырған, ең үлкен ұстазым болған, ірі тұлға туралы. Ол – Қуатбек Өтемұратұлы Орақов.

Қуатбек ағаны алғаш 1980 жылдың басында таныдым. Облыстағы ұрлықтың алдын алу жұмыстарына байланысты қызмет барысын талқылау кезінде Жезқазған қалалық милициясында кездестік. Ол кезде Қуатбек Өтемұратұлы подполковник шеніндегі, сұңғақ бойлы, сымбатты, байсалды мінезді жан еді. Бірден байқадым — бұл кісі жай ғана басшы емес, нағыз кәсіби маман. Қарапайым сөздерінен парасат пен терең ой аңғарылып тұрды.

1981 жылы Орақов Қуатбек Өтемұратұлы облыстағы ең төменгі көрсеткіші бар Сәтбаев қалалық милициясының бастығы болып тағайындалып, бұл қызметте алты жыл абыроймен еңбек етті. Қаладағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп, күрделі кезеңде милиция қызметін жаңа деңгейге көтере білді. Мекеме ғимараты, тергеу қамағы жөнделіп, автокөліктерге арналған гараждар салынды. Қаланың қылмыспен күрес көрсеткіштері облыс бойынша үздік деңгейге жетті.

1986 жылы Қуатбек Өтемұратұлы облыстық күзет басқармасының бастығы болып тағайындалды. Жаңа қызметті де ол кісі тез арада меңгеріп, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Ол — нағыз іскер басшы болатын. Таңмен таласа келіп, кешке дейін жұмыс істейтін. Дегенмен, қызметкерлеріне қатты қысым көрсетпейтін, әркімнің жағдайын түсінетін. Мен де өзімнің техникалық білімімнің бұл салаға сай келмейтінін түсініп, заңгер мамандығын сырттай оқып аяқтадым. Кейін Жезқазған қалалық милициясының штабын басқарып жүргенімде, Қуатбек аға мені өзіне орынбасар болуға шақырды. Бұл — 1992 жыл, егемендік алған кезең еді.

Нарықтық экономикаға көшу, айлап жалақысыз отыру сияқты қиындықтарға қарамастан, Қуатбек аға кәсіби шеберлігінің арқасында ұжымда тұрақтылық сақтады. 1995 жылы ол кісі Ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары болды, ал мені өзінің орнына басқарма бас-



шысы болуыма үлкен ықпал жасады. Бұл мен үшін зор сенім және үлкен мектеп болды.

Қуатбек Өтемұратұлы — менің ғана емес, сол кезеңдегі талай жас қызметкерлердің де рухани ұстазы болды. Атап айтсақ, Қарпық Зейнелғабдин, Төлеубай Мусин, Баянғали Жұмаділов, Иван Голиков, Қонысбай Тұрлыбеков, Мейрамбай Айтжанов, Серікбай Адамбеков, Әбдірахман Хабаров, Ибрагим Жерденов, Нұрлан Жақыпбеков, Дүйсен Маматов, Николай Селин секілді азаматтардың өз саласының маманы болып қалыптасуына зор ықпал етті.

Биыл менің үлкен ұстазым, қадірлі ағам, Жезқазған қаласының құрметті азаматы, полиция полковнигі — Қуатбек Өтемұратұлы Орақов 85 жасқа толады. Астана қаласында тұратын ағамыз бен жары Мәнсия жеңгемізге зор денсаулық пен баянды бақытқа толы ұзақ ғұмыр тілеймін! Ұстазды ұлықтау — әр шәкірттің қасиетті борышы. Сол парызымды бүгін бір мөлтек естелікпен өтегім келді.

Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қаласының
Құрметті азаматы,
қалалық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

► ТОСЫННАН ТҮСІРІЛГЕНДЕ...

КІТАПТЫҢ ҚЫЗЫҒЫНА КЕТСЕҢ ТҮСІП...

Мектепте жүргенде мұғалімдеріміз орыс жазушысы Максим Горький туралы «Ол кісінің кітапқа деген қызығушылығы сондай, баола кезінде түнемелік үйдің шатырына шығып кетіп, айдың жарығымен кітап оқиды екен» деп айтатын еді.

Содан Горький атамыз секілді далаға шығып, шатырға көтеріліп кетпесек те, етпетімізден жата қалып, майшамның түбіне түсетін әлсіз жарығымен қолымызға түскен кітабымызды оқитын едік. Ал, бірақ... Осы жасымызға шейін көшенің қақ ортасына қойылған тастың үстіне шоқиып отыра қалып, кітап оқыған қазақты көреміз деп, мүлдем ойламаған да екенбіз?! Міне, мұны да көрдік. Және кім дейсіз ғой, өзімізге жақсы таныс бауырымыз – Батырхан Оспанов. Ол ұлттық рухы бойында қайнап тұратын азамат. Түсінгеніміз - «Жұмабек және жер майдан» атты жаңа кітаптың жарық көргенін ести сала Жезқазғандағы кітап дүкеніне жол тартқан Батекең іздегені қолына тиген соң, кітапты оқуға үйіне шейін шыдамаған. Жол – жөнекей көзіне түскен тастың үстіне жайғасып алып, кітапты парақтай бастаған. Кітаптың қызығына түсіп кеткені соншалық, бұл әлемді мүлдем ұмытып та кеткен. Жан – жағында не болып жатыр, еш шаруасы жоқ. Есіл – дерті кітапта. Өрине, кез келген кітап кісіні осыншама байлап тастамайды ғой. Демек, Батырханның қолындағы кітаптың өзі де ерекше кітап болғаны ғой. Ия, шынында да, бұл – кешегі Кеңестік заманда ел үшін, жер үшін басын бәйгеге тігіп, Кремльдің әпербақан көсемшесі Хрущевпен тайталасып, еліміздің солтүстігіндегі 5 бірдей облысты Ресейге өтіп кетуге жол бермеген тұлға – Жұмабек Тәшенов туралы кітап екен. Жұмекеңнің сол ерлігі туралы халқымыздың тағы бір ірі тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Өтті дәурен осылай...» дейтін кітабында Жұмекең екеуінің Хрущевтің кабинетінен шыққаннан соң, «Жүрек жұтқан көзсіз ерсіз ғой, Жұмеке!» деп сүйсінгенін жазады емес пе? Кітаптан жолма - жол алынбағаны болмаса, мазмұны осыған саяды. Осындай тұлғаны халыққа тереңірек таныта түсу мақсатында ұлтшыл



азамат Санжар Керімбайдың бастамасымен жарық көрген кітап қазір біртіндеп еліміздің әр – әр өңіріне тарап жатқанын әлеужелі арқылы көріп, біліп отырмыз. Оқырман қарасы да күн санап қара ормандай қалыңдап келеді. Бірақ, солардың арасында сол кітапты үйіне барып оқуға шыдамы жетпей, көшедегі әдемілік үшін қойылған тастың үстінде-ақ оқуға кірісіп кеткен Батырхан Оспановтың орны ерекше болатыны сөзсіз.

Кітаптың қызығына түсіп кеткен адамға таста, тау да еш әсер етпейтін секілді ғой...

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

► АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

ФУНДАМЕНТАЛДЫ ҚҰҚЫҚТАР – АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Фундаменталды құқық дегеніміз – әр адамға туылған сәтінен бастап тиесілі, ешқандай жағдайда шектелмейтін, ажырамас және таптырмас негізгі құқықтар мен бостандықтар. Бұл құқықтар адамның қадір-қасиетін, еркін өмір сүруін, қоғамда толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді. Олар халықаралық және ұлттық құқықта толық мойындалған және қорғалады.

Бүгінде адамның басты құқықтары мен бостандықтарының қатарында 40-қа жуық іргелі құқық бар. Солардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі – өмір сүру құқығы.

Өмір сүру құқығы – барлық құқықтардың өзегі

Өмір сүру құқығы – бұл әрбір адамға табиғи түрде тиесілі, ешкім тартып ала алмайтын ең маңызды құқық. Ол – адамның барлық басқа құқықтарының бастауы мен негізі. Өйткені өмір болмаған жағдайда, адамның бостандықтары мен мүмкіндіктерін жүзеге асырудың өзі мүмкін емес.

Бұл құқық:

- Адамды заңсыз өлтіруден,
- Мемлекеттік органдардың немесе үшінші тұлғалардың өміріне қол сұғушылығынан,

• Тіпті кейде адамның өзіне қауіп төндіретін жағдайлардан қорғауды көздейді.

Мемлекет бұл құқықты сақтау үшін:

- Құқықтық механизмдер,
- Әкімшілік бақылау,
- Сот арқылы қорғану мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге міндетті.

Өмір сүру құқығын сақтау – адам құқықтарын құрметтеудің бастамасы ғана емес, ол – әділетті, қауіпсіз әрі адамгершілікке негізделген қоғам құрудың іргетасы. Осы құқықтың үстем болуы – әрбір азаматтың өмірінің мәні мен қадірін қорғаудың кепілі.

**А.КАРИМОВ,
ҚР Адам құқықтары
жөніндегі уәкілдің
Ұлытау облысы
бойынша өкілі.**

ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ПРАВА – ОСНОВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО БЫТИЯ

Фундаментальные права – это неотъемлемые и неотчуждаемые основные права и свободы, которые принадлежат каждому человеку с момента рождения. Эти права обеспечивают достоинство личности, свободу выбора и полноценное участие в жизни общества. Они признаны и защищены как на национальном, так и на международном уровне.

В системе прав человека насчитывается около сорока основных прав и свобод, и среди них ключевое место занимает право на жизнь.

Право на жизнь – основа всех остальных прав

Право на жизнь – это важнейшее и неотъемлемое право, которое принадлежит каждому человеку по праву рождения. Оно является фундаментом всех других прав, поскольку без жизни невозможно реализовать ни одно другое право.

Это право направлено на защиту человека:

- от незаконного лишения жизни,
- от посягательств со стороны государственных органов или третьих лиц,
- а также от ситуаций, представляющих угрозу для

самого человека.

Государство обязано защищать это право, обеспечивая:

- правовые механизмы,
- административный контроль,
- и возможности судебной защиты.

Соблюдение права на жизнь — это не просто основа уважения к правам человека, но и краеугольный камень справедливого, безопасного и гуманного общества. Господство этого права — залог охраны ценности и достоинства каждого гражданина.

**А. КАРИМОВ,
Представитель
Уполномоченного
по правам человека по
области Ұлытау.**

УСТАНОВКА ОПОР УЛИЧНОГО ОСВЕЩЕНИЯ ЗАВЕРШЕНА

Работы по установке новых опор уличного освещения завершены в полном объеме. В рамках проекта было запланировано установить 160 опор – все они введены в эксплуатацию в установленный срок.

Новые световые точки появились как в ранее неосвещенных районах, так и в локациях, обозначенных в обращениях граждан. Реализация проекта позволит значительно повысить уровень безопасности и улучшить условия передвижения в темное время суток.

Освещение установлено на следующих улицах и территориях: ул. Рыскулова, ул. Горняцкая, ул. Абая (дома № 37–45, 8–10, 16, 56–62), район поликлиники, район магазина «Апорт» (пр. Сатпаева), ул. Мәңгілік Ел (дома № 19 и 21А), ул. Булқышева, ул. Калмагамбетова, дворы по ул. Бопежанова и Кусанова, ул. Ұлытауская (дома № 64–78), территория СОКа, пр. Независимости, 3, перед зданием КНБ, районы школ № 1 и № 4.

**Пресс - служба
акима г. Сатпаев.**



► ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ТАТУЛАСУ – РУХАНИ
КЕЛІСІМ МЕН
АДАМГЕРШІЛІКТІҢ
КӨРІНІСІ

Қазақстандық құқықтық шындықта татуластыру процедуралары азаматтық және қылмыстық процестерде қолданылады. Азаматтық процесте татуласу рәсімдерінің әр түрлерін қолдану ең маңызды болып табылады, өйткені келіссөздер немесе медиация нәтижесінде бітімгершілік келісіммен аяқталуы мүмкін дауларды қарауға ең көп жүктелген жалпы юрисдикция соттары болып табылады.



Бұл сот жүйесін жеңілдету тұрғысынан ғана емес, дауласушы тараптардың өздері үшін де маңызды болып келеді, өйткені сот шешімдері, әдетте, тараптардың шыннайы мүдделері мен уәждерін ескермей, тек құқықтық нормалар негізінде шығарылады, ал татуласу екі жақтың да қанағаттануына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 17 тарауында татуластыру рәсімдері қарастырылған. Соттардың тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданатындығы, дауды процестік барлық сатыларында реттеуді оларға жәрдемдесетіндігі туралы айтылған.

Тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу келісімді жасап, ҚР-ның Азаматтық процестік кодексінде белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдірді пайдалана отырып, дауды өзараталаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Тараптар сот актісін шығарғанға дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынуға тиіс. Медиатор медиацияны жүргізу туралы өтініш хатты берген және тараптардың медиатор мен жасасқан шарты бірінші немесе апелляциялық сатыдағы судья медиацияны өткізу туралы өтініш хатты берген кезден сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтату турға құқылы.

Тараптар келісімге қол жеткізген жағдайда, сот ұйғарыммен бітімгершілік келісімді бекітеді. Қазіргі уақытта судьялардың татуласу рәсімдерінің мәні мен құқықтық салдарын түсіндіруі көп жағдайда тараптар үшін тек ақпараттық сипатқа ие, дегенмен қоғамда татуласу идеясын насихаттау мен дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Жалпы алғанда, татуласу рәсімін қолдану- тараптар арасындағы моральдық және материалдық шығындардың азайып, дау-жанжалсыз өзара ортақ шешім тауып, қарым-қатынастың сақталуына септігін тигізеді.

БАНКРОТТЫҚ – ҚАРЖЫЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ТӨМЕНДІГІ

Елімізде 2023 жылы 1 наурыздан бастап қолданысқа еңгізілген «Қазақстан Республикасы заңдарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңы өзін банкрот деп жариялаудан басқа амалы қалмаған адамдарға қолданылатыны белгілі.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіріп, банкроттық жариялауға тырыспаған жөн. Қазақстанда банкроттықтың салдары енді жаңа заңда көрсетілген: несие алуға бес жылға тыйым салынады, жаңа банкроттыққа жеті жылға тыйым салынады, сондай-ақ қаржылық жағдайды үш жыл бойы міндетті түрде бақыланады. Шын мәнінде банкроттық дегеніміз адамның алдағы үш–бес жыл ішінде елдің қаржы жүйесінен айырылу екенін түсіну керек.

Мәселе адамның несие ала алмайтындығында ғана емес, бұл шын мәнінде өте қатаң шектеу. Банкрот болған адам үш жыл бойы қасақана немесе жалған банкрот еместігі тұрақты тексеріледі. Яғни, банкрот болған адам мүлік сатып алатын болса, оның қайдан қаражат тапқаны туралы күмән туындайды (кредиторға да хабарланады). Бұдан бөлек кез келген банк шоттары мен ақша аударымдары бақыланып отырады. Бірақ бүгінде біздің бүкіл өміріміз дерлік төлем карталары мен интернет-банкингпен байланысты.

Жасырын активтердің бар-жоғы да тексерілетін болады және кезең-кезеңімен міндетті декларацияны еске түсірген жөн. Мұнда қазірдің өзінде барлық активтер ашылады — шетелдегі жылжымайтын мүлік, криптовалюта және т. б.

Қандай да бір активті кредитордың мүддесіне қайшы, яғни оның алдындағы қарызды жаппай, сату немесе басқа да операциялар жасағанда банкроттық жарамсыз деп танылады. Ал мүлік сатуға қойылып, оның ақшасы кредиторға өтеледі. Сонымен қатар, борышкерге де, оның қаржылық менеджеріне де әкімшілік жауапкершілік жүктеледі (және мұндай жағдайлар көп болса, заңдағы жауапкершілікке қылмыстық жауапкершілікке дейін ұлғайтылуы мүмкін).

Сондай-ақ, сот арқылы өзін банкрот деп тану туралы шешім

қабылдаған азамат алты ай ішінде (тікелей рәсім барысында) елден шыға алмайды, дегенмен адам банкрот деп танылған соң оның елден кетуіне ешқандай кедергі жоқ. Жалпы, банкротқа виза берілмейді, мысалы, кез келген басқа елде тұруға рұқсат берілмейді, өйткені «қара дақ» осылай жұмыс істейді.

Сонымен қатар, банкроттық оңай емес, көп адамдар үшін ауыр, ұзақ процесс екенін түсіну керек.

Қазіргі таңда ҚР-да рәсімдердің үш түрі бар, тек біреуі ғана уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады — соттан тыс банкроттық.

Тағы екеуі — сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жұмыстары борышкердің мүлкі есебінен төленетін қаржы менеджерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Соттан тыс банкроттыққа 1600 АЕК-тен қарызы бар және жылжымалы немесе жылжымайтын мүлкі мүлде жоқ (не қарызы бес жылдан астам өтелмеген немесе борышкер алты және одан да көп айға АӨК алушы). Яғни, 2025 жылы АЕК көлемі 3932 теңге екенін ескерсек, берешегі 6 291 200 теңгеден төмендер ғана соттан тыс банкроттыққа өтініш бере алады. Сондай-ақ, өтініш берілген күнге дейін қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдындағы қарызы бойынша төлем жасамауы шарт.

Мүлік бар болса, онда банкроттық туралы сот өндірісі қолданылады және ол қарызды төлеу үшін сатылады, оның ішінде жалғыз тұрғын үй, егер ол кепіл нысанасы болса.

Ең жақсы нұсқа — үшінші процедура, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұл жағдайда адамға банкрот мәртебесі түріндегі «қара дақ» басылмайды.

Бұл банкроттық туралы өтініш бермес бұрын кредиторлармен келіссөздер жүргізуге тырысу керек дегенді білдіреді. Банкрот мен МҚҰ қарыз алушыны кешік-

тіру туралы ол туындаған күннен бастап 20 күн ішінде хабардар етуге міндетті. Өз кезегінде қарыз алушы төлемдерді кешіктірген күннен бастап 30 күн ішінде несиені қайта құрылымдау үшін несие мекемесіне жүгінуі керек.

Жалпы, егер қарыз алушы шынымен саналы болса және кідіріс форс-мажорлық жағдайларға байланысты туындаса, мәселені осы кезеңде шешуге болады. Бұл барлық адамдар үшін ең қолайлы нұсқа. Есеп айырысудың бірнеше нұсқалары бар: пайыздық мөлшерлемені төмендету, негізгі қарызды немесе сыйақыны төлеуді кейінге қалдыру, өтеу әдісін өзгерту, несие мерзімін ұзарту, ипотеканың нысанасы емес жылжымайтын мүлікті сату және т. б. (жоғарыдағы заңдарды қараңыз).

Қорытындылай келе, банкроттық несиелермен айналысудың басқа мүмкіндіктері жоқ адамдар үшін опция және «қарыздың жойылуына» қуанудың себебі емес, төтенше шара деп айта аламыз. Егер форс-мажорлық жағдай орын алса, егер адам әлеуметтік жағынан осал санатқа енсе, табыссыз және мүлкісіз қалса және бұл жағдайдың жақын арада шешілуі күтілмесе, онда банкроттық қажетті демалысқа айналуы мүмкін. Басқа жағдайларда, «банкрот» мәртебесінен аулақ болу және несие берушілермен мәселелерді келісімдердің кез келген қолжетімді нұсқалары арқылы шешу жақсы.

Заңның осындай ерекшеліктерін білмегендіктен кейбір азаматтар несиесін төлеуден қашып, банкроттыққа арыз жазатыны байқалады. Осының өзі халықтың құқықтық сауатымен бірге, қаржылық білімінің төмендігін айғақтайды. Сондықтан да сотқа жүгінген азаматтар банкроттықтың салдарыауыр екендігін түсінулері қажет.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.


Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru



ОВЕН. На этой неделе Овны могут ожидать новые возможности в карьере. Ваши идеи будут замечены, так что не бойтесь их озвучивать. Однако следите за своим эмоциональным состоянием, чтобы избежать конфликтов с коллегами.




ТЕЛЕЦ. Для Тельцов это время романтики и творчества. Вы можете встретить интересного человека или получить вдохновение для нового проекта. Не бойтесь проявить инициативу и экспериментировать!



БЛИЗНЕЦЫ. Вам стоит обратить внимание на семейные отношения. Это время для открытого общения и разрешения старых конфликтов. Проводите больше времени с близкими и создавайте приятные воспоминания.



РАК. Вам будет важно сосредоточиться на общении. Вы можете найти новых друзей или восстановить старые связи. Будьте открыты к новым знакомствам и не стесняйтесь делиться своими чувствами.




ЛЕВ. Львы могут столкнуться с финансовыми вопросами. Это подходящее время для анализа бюджета и планирования будущих расходов. Будьте внимательны к своим инвестициям и не спешите с крупными покупками.




ДЕВА. Девам стоит сосредоточиться на себе. Это время для саморазмышлений и личностного роста. Не бойтесь менять свои привычки и искать новые хобби!.




ВЕСЫ. Вам стоит уделить внимание внутреннему миру. Это время для отдыха и медитации. Проводите время наедине с собой и настраивайтесь на позитив.




СКОРПИОН. Вам стоит обратить внимание на друзей. Это время для укрепления социальных связей и участия в групповых мероприятиях. Ваша поддержка будет важна для окружающих.



СТРЕЛЕЦ. Вас могут ожидать карьерный рост. Ваши усилия будут оценены, и это может привести к новому этапу в вашей профессиональной жизни. Будьте готовы к новым вызовам!



КОЗЕРОГ. Вам стоит обратить внимание на образование и развитие. Это подходящее время для изучения новых навыков и расширения кругозора. Не упустите возможности учиться!



ВОДОЛЕЙ. Вам стоит обратить внимание на свои желания и мечты. Это время для самовыражения и реализации своих амбиций. Не бойтесь мечтать и действовать!



РЫБЫ. Вам стоит обратить внимание на здоровье. Это время для заботы о своем теле и психическом состоянии. Уделите время отдыху и восстановлению.

АУЛАЛАРДАҒЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Көпқабатты үйлердің аулаларын жарықтандыру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Жауапты мекеме – «Горэлектросети» ЖШС ақауы бар шамдарды кезең-кезеңімен ауыстыруда.

- ◆ 100 Вт қуаттағы – 65 шам
- ◆ 50 Вт – 86 шам
- ◆ 40 Вт – 60 шам
- ◆ 15 Вт – 86 шам жаңартылды.

Сонымен қатар, 212 метр электр сымдары толықтай ауыстырылды.

Егер үйіңіздің ауласында жарық жоқ болса, өтініштеріңізді 3-34-35 нөміріне немесе әкімдіктің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына қалдыра аласыз.

@satbaev_akimdigi
@tukshsatbaev
<https://t.me/satpaevksk>

ПРОДОЛЖАЮТСЯ РАБОТЫ ПО ОСВЕЩЕНИЮ ДВОРОВ

В городе продолжают работы по улучшению освещения придомовых территорий многоквартирных домов. Ответственной организацией – ТОО «Горэлектросети» – ведётся поэтапная замена вышедших из строя светильников.

- ◆ 65 светильников мощностью 100 Вт
- ◆ 86 – по 50 Вт
- ◆ 60 – по 40 Вт
- ◆ 86 – по 15 Вт

Также полностью заменено 212 метров силового кабеля.

Если во дворе вашего дома отсутствует освещение, вы можете оставить заявку по номеру 3-34-35 или через официальные страницы акимата:

@satbaev_akimdigi
@tukshsatbaev
<https://t.me/satpaevksk>

СКАНВОРД

	↓	Альфа Волопаса	↓	Звук уключин	↓	Смесь белого и негра											
	↖																
		Взрослый аналог детского горшка		Веревка, толкающая стрелы		Осужденный											
	↖																
	↖	Легкая комедия	↖	Загул под градусом		Каждая из такелажа		↖									
	↖							«Петров двор» по-голландски		Способ построения танков		Танкер как тип судна		Ужас, написанный на лице			
		Французский «союз»		Безобидная фигура							Вино из яблок						
	↖							Решение при голосовании							Быстрые скачки		
	↖	Поздно лег, рано встал		Краска, поедатель желтизны		Религия без свинины								«Идти вперед» по-арабски			
	↖							Королевская резиденция		Швейцарский психолог		Куда рвется отпускник?					
		Характер порусски		Бархан как дело рук ветра		Верблюжья ноша							Марш... (воен.)		Полярная утка		
	↖																
								Жена бога Геба						Без кола, без двора		Что такое ослон у каюра?	
		Щеголь из Англии		Парень чернокожий									«Джордж Джорджович»			Река Неро	
	↖							Советская поэсска		Спортивный ботинок		Балхаш					
		Греческое «собрание»		Место хранения урожая											Титул короля		
	↖																
	↖																
	↖							Житель Праги		Город...Иорк							
	↖	Автор романа «Белый вождь»		Большая бочка													
	↖	Растение для пирога		Актер Грант													

► ДӘСТҮР

АУЫЛ РУХЫН КӨТЕРГЕН СПАРТАКИАДА



Дәстүрлі шараның ашылу салтанатында сөйлеген аудан әкімі Қанат Қожықаев Жаңаарқа өңірінен шыққан көптеген даңқты спортшылардың ел мерейін көтеріп жүргенін атап айтып, бұқаралық спортты дамытуда дәстүрлі ауыл спартакиадасының зор маңызға ие екеніне тоқталды. Әр ауылдан үміттерін үкілеп келген қатысушыларға шеберлік пен мықтылық сынға түсер жарыста сәттілік тіледі. Спартакиадада 14 ауылдық округтен келген спортшылар ұлттық спорттың 11 түрінен сайысқа түсті. Ауыл аймағы мерекелік көңіл-күйге бөленіп, сахна төрінен екі күн бойы әуезді ән үзілген жоқ. Ақтүбектік өнерпаздардың концерттік бағдарламасын аудандық мәдени-сауық орталығының әншілері жалғастырып, мерекелік думанды одан әрі шырайландыра түсті. Ауыл сыртында көкпаршылар мен аламан бәйгеге қатысушылар сәйгүліктерімен дала төсін дүбірлетсе, боз кілемдегі палуандардың белдесуі де жанкүйерлерін тәнті етті.

Ерекше бір айтарлық жай, спартакиаданың жүлде қоры мен барлық

Жаңаарқа ауданы ауыл спортшыларының дәстүрлі XXII спартакиадасы биыл Ақтүбек ауылдық округінде өтті. Бұл додалы жарыс салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар ауыл рухын көтерген айшықты шараға айналды. Екі күнге созылған шараның алғашқы күнінде ауыл тұрғындары киіз үйлердегі ақ дастарқан басында жайлана бас қосып әңгіме тиегін ағытса, кешкілік ауылдан қанаттанған өнерпаздардың концертін тамашалады. Екінші күн бағдарламасы ұлттық спорт түрін қамтыған байрақты бәсекеге толы болды.

ұйымдастырушылық шараларына жұмсалған 6 млн. теңге көлеміндегі шығынды осы топырақта туып өсіп, қазір әр өңірде жүрген белгілі азаматтар мен ауыл тұрғындары өздері көтерді. Бұл бастамаға осы ауылдан түлеп ұшқан қоғам қайраткерлері Әмірхан Аманбаев, Парламент депутаты Аманжол Әлтаев, мәдениет саласының үздік қызметкері, өнерпаз Жарулла Ақышев бастаған азаматтар ұйтқы болды. Айталық, қазақ күресінің жүлделі үш орынға берілетін 300 мың теңге мен түйе палуанға берілген мотоциклдің құнын Аманбаевтар әулеті, қол күресінің жүлделерін Ерлан Орманов, Әсет Тацанов, Аманжол Әкішев, кір тасын көтеру жүлдесін Тасболат Шайхин, Еркебұлан Әбенов, Нұртілек Әбибулла, асық ату мен теннис сайысының жүлделерін Сәрсен Исабеков сынды азаматтар көтерсе, футбол ойындары бойынша жүлделі орындарға берілетін сыйлыққа Жарулла Ақышев, қыздар және ұлдар арасында өткен волейбол жарысына берілетін жүлдеге Төлеген бастаған Жамановтар әулеті, тоғызқұмалақ жүлдесіне Рахметулла Оспанов, көкпардың жүлделі орындарына 500 мың теңге және тай жарысының бас жүлдесіне мотоцикл алуға 500 мың теңге берген Меркеш Әскенбеков, аламан бәйгенің бірінші орнына мотоцикл және екінші, үшінші орындардың жүлделеріне Аманжол Әлтаев демеу-



шілік жасады. Ауыл тұрғындарының біразы ақшалай сыйлықтан басқа тай, қой сияқты төрт түліктерін шығарып, ортақ іске үлестерін қосты.

Жарыс қорытындысы бойынша 156 ұпайға ие болған Бидайық ауылдық округінің спортшылары I орын алса, Жаңаарқа кенті 155 ұпаймен II орынды, 129 ұпай жинақтаған Қараағаш ауылдық округі III орынды еншіледі. Шағын футболдан бірінші орынды Жаңаарқа кентінің футболшылары, екінші-үшінші орындарды С.Сейфуллин мен Талдыбұлақ ауылдары, ұлдар арасындағы волейболдан

С.Сейфуллин ауылы бірінші, Бидайық пен Жаңаарқа кенті екінші, үшінші орындарға, қыздар арасындағы волейболда бірінші орынға Жаңаарқа кенті, екінші, үшінші орындарға Бидайық пен М.Жұмажанов ауылдары ие болды. Қазақ күресінің бас жүлдесін Ақтүбек палуандары еншілесе, екінші, үшінші орындарды Талдыбұлақ пен Қараағаш ауылдарының командалары олжалады. Тоғызқұмалақтан Түгіскен бірінші орын, Жаңаарқа кенті мен Бидайық

екінші, үшінші орын, үстел теннисінен Жаңаарқа кенті бірінші орын, Түгіскен мен Бидайық екінші, үшінші орын, қол күресінен бірінші орынды Жаңаарқа кенті, екінші, үшінші жүлделі орындарды Қараағаш пен Түгіскен, кір тасын көтеруден бірінші орынды Түгіскен, екінші, үшінші орындарды Қараағаш пен Бидайық ауылдары алды. Асық ату бойынша С.Сейфуллин ауылының қол мергендері топ жарса, Ақтүбек пен Бидайық жастары екінші, үшінші орындарды қанағат тұтты. Аламан бәйге, тай жарысы және көкпарды қамтыған ат спортынан Бидайық шабандоздары дес бермей қарсыластарынан басым түсіп, жеңімпаз болды. Қараағаш пен Ақтау ауылының командалары екінші, үшінші орындарға табан тіреді.

Жаңаарқа – білекті палуандар, жүректі шабандоздар шыққан, спортты барынша қолдайтын өңір. Ауыл спортшыларының XXII спартакиадасы соның тағы бір айқын дәлелі болды. Аудан басшылары жарыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан Ақтүбек ауылдық округінің әкімдігіне, аудандық спорт бөліміне, жаттықтырушылар мен демеушілік көрсеткен жанашыр азаматтарға шынайы алғысын білдірді.

**Ізтөлеу ТҮСПОВ,
Амандық РАХҰЛЫ.**



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1279

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.